



«Сиқырлы жіптер»

4 және 5 жастағы тәрбиеленушілерге арналған оқу қызметінің
жоспар жинағы

Құрастырушылар: Жусупбекова Роза Клышбаевна
Есмуханова Гульбаршын Рахмановна
Кишкинтаева Ботагоз Жолмаковна

Қостанай - 2019

Конспект №1

Тақырыбы: Жемістер.

Мақсаты: Балаларға жеміс-жидектер туралы білімдерін бекіту. Саусақ ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Дөңгелек пішінді бархат қағазға жіп арқылы бейнелеуге үйрету. Ұқыптылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.

Әдіс – тәсілдері: көрсету, түсіндіру, сұрақ – жауап, әңгімелесу, ойын.

Көрнекіліктер: алманың суреті, муляжы, түрлі түсті жіптер, бархат қағаздар.

Сөздік жұмыс: жемістер, алма, алмұрт.

Көптілділік: жемістер –фрукты-fruits , алма-яблоко- an Apple, алмұрт-груша-pear.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:

I. Ұйымдастырушылық кезеңі

Балалар шаттық шеңберін құрып, қол ұстасып: «Қайырлы күн, бүгінгі күн шуақты да, нұрлы болсын», - деп бір –біріне жақсы тілектер тілейді.

-Балалар, қазір қай жыл мезгілі?

-Күзде бақшада не піседі?

-Қандай жеміс-жидектер білесіңдер?

-Балалар, мен сендерге қазір тақпақ оқимын, ал сендер бұл тақпақта қай жеміс туралы айтылғанын айтасыңдар. Е.Елубаевтың «Апорт» өлеңі оқылады.

-Балалар, сендер алма жақсы көресіңдер ма?

-Алманың пішіні қандай?

—Ал түсі қандай болады?

II. Негізгі бөлім.

-Онда бүгін біз сиқырлы жіптермен бархат қағазда алманын пішінін жасаймыз.

- Ол үшін өздерін жоғарыда айтып кеткендей сары, қызыл, жасыл түсті ұзын жіпті алып, қағаздың бетіне дөңгелек бейнелейміз.

— Ал мына қысқа жасыл жіптен алманың сабағын жасаймыз. (педагог өзі көрсетеді).

Сергіту сәті:

Алма, алма, көп алма,

Қызыл, жасыл, көк алма.

Теріп, теріп алайық,

Қалтамызға салайық.

3.Қорытынды:

Педагог әр баланың жұмысына бақылау жасап, алманың қалай жасалғанын қарап шығады, жақсы жұмыстар мадақталады.

Балалар «Алма кетті домалап» атты санамақпен ойын ойнайды.

Конспект №2

Тақырыбы: Көкөністер

Мақсаты: Көкөністер туралы білімдерін бекіту. Оларды ажырата білу. Домалақ пішіннен сопақша пішіндерді жасауды дамыту. Бархат қағазға сопақша пішінді жіппен салуды үйрету. Ұқыптылыққа, еңбектене білуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: суреттер, қиярдың муляжы, бархат қағаздар, жасыл түсті жіптер

Көптілділік: көкөністер-овощи-vegetables, қияр – огурец-cucumber

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы .

I. Ұйымдастырушылық кезеңі

- Балалар, қазір қай жыл мезгілі?
- Күзде бақта, бақшада нелер піседі?
- Жемістердің қандай түрлерін білесіңдер?
- Жақсы.
- Ал көкөністердің қандай түрлерін білесіңдер?
- Балалар, ал аналарың көкөністерден не жасайды?

II. Негізгі бөлім.

- Бүгін біз, балалар, қияр тұздауға үйренеміз.
- Ол үшін біз қиярларды дайындап алу керекпіз. Педагог қиярдың муляжын көрсетеді, ал балалар онын түсін, пішінін анықтап айтады.
- Балаларға сопақша пішінді ауада салып көрсетуге ұсынады.
- Онда барлығымыз қияр жасауға кірісейік.

Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру.

Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар,

Жел бетіме еседі,

Кіп-кішкентай ағаштар

Үлкен болып өседі.

- Бархат қағаздың үстіне жасыл түсті жіпті сопақша пішінге келтіріп, қиярдың пішінін жасайды, осы әдісті пайдалана отырып, тұздауға бірнеше қияр жасап беруді ұсыну. Көмек қажет болған жағдайда балаға жеке көмектесу.

III. Қорытынды:

- Жарайсыңдар, балалар!
- Енді қиярларды үйге апарып, аналарымызға тұздауға көмектесеміз.
- Келісесіңдер ма, балалар?

«Көкөністерді ата» дидактикалық ойын

Конспект №3

Тақырыбы: Саңырауқұлақтар.

Мақсаты: Саңырауқұлақтар туралы түсініктерін қалыптастыру.

Саусақ ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.

Сопақша және жартылай дөңгелек пішіндерден тұратын бейнені бархат қағазға жіп арқылы бейнелеуге үйрету. Ұқыптылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.

Әдіс – тәсілдері: көрсету, түсіндіру, сұрақ – жауап, әңгімелесу, ойын.

Көрнекіліктер: саңырауқұлақтың суреті, муляжы, түрлі түсті жіптер, бархат қағаздар.

Сөздік жұмыс: саңырауқұлақтар.

Көптілділік: саңырауқұлақ-гриб-mushroom ,сопақша-овал, жартылай дөңгелек-полукруг.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы .

I. Ұйымдастырушылық кезеңі

- Балалар, бүгінгі әңгімеміздің не туралы екенін жұмбағымның шешуінен білесіңдер.

- **Жұмбақ:**

- Өзі кішкентай болғанмен,

- Бөркі қазандай.

(саңырауқұлақ)

- Иә, бұл саңырауқұлақ.

- Педагог саңырауқұлақ туралы әңгімелеп,сұрақтар қояды.

- Оларды қайда кездестіруге болады?

- Олардың бәрі жеуге жарамды ма?

- Саңырауқұлақ қанша бөліктен тұрады?

- Балалардың көңілін суреттегі саңырауқұлақтарға аудару, олардың түсін сұрау.

II. Негізгі бөлім.

-Ендеше бүгін біз, балалар, жіппен саңырауқұлақ жасап көрейік.

Педагог өзі жасаған үлгіні балаларға көрсетеді.

Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру:

- бархат қағаздың үстіне қызыл түсті жіпті алып, жартылай дөңгелек жасаймыз, бұл саңырауқұлақтың қалпағы болады. – енді ақ түсті жіпті алып, сопақша пішінге келтіреміз. Педагог қиналған балаларға көмектеседі.

Сергіту сәті:

Балалалар «Саңырауқұлақтар» биін билейді.

III. Қорытынды:

- Балалар, бүгін біз жіппен не жасадық?

- Балалардың жұмыстарын талдату, мадақтау.

«Саңырауқұлақ саясында» ертегісін бейнетаспадан көрсету.

Конспект №4

Тақырыбы: Бұтақтағы шие.

Мақсаты: Ұқыптылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.

Әдіс – тәсілдері: көрсету, түсіндіру, сұрақ – жауап, әңгімелесу, ойын.

Көрнекіліктер: саңырауқұлақтың суреті, муляжы, түрлі түсті жіптер, бархат қағаздар.

Көптілділік: шие-вишня-cherу ,бұтақ – ветка.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы .

I. Ұйымдастырушылық кезеңі

Шаттық шеңбер

- Балалар, бір-бірімізге алақан арқылы жылылық танытып, жақсы лебіз білдірейік.

- Балалар, бүгін біз баққа барып, жидектер жинаймыз.

-Ал қандай жидек жинайтынымызды, жұмбақтың шешімінен білесіндер

Жұмбақ:

Бұл жемістің үш әріптен құралған аты бар,

Алыстан қызықтырып шақырады.

Қып-қызыл, кіп-кішкентай,

доп-домалақ,

Бұтақта топ-топ боп отырады. *(шие)*

Иә, бұл шие.

– Бәріміз енд сапқа тұрып, баққа баруға дайындалайық.

II. Негізгі бөлім.

Педагог балалардың көңілін бейнетаспадағы шиелер ағашына аударды, сұрақтар қояды.

- Шиенің түсі қандай?

– Оның көлемі қандай?

– Пішіні?

-Ендеше бүгін біз, балалар, жіппен бұтақта ілініп тұрған шие жасап көрейік.

Педагог өзі жасаған үлгіні балаларға көрсетеді.

Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру:

- Жасыл түсті бархат қағаздың үстіне қара жіппен үшбұрыш жасаймыз, бұл шиенің бұтағы болады.

–Енді үшбұрыштың төменгі бұрыштарының астына қызыл жіппен дөңгелек пішінді жасаймыз, бұл шиелер.

Сергіту сәті:

Қорбандаған аюдың

Құлпынайы көп екен

Теріп теріп алайық

Себетімізге салайық.

III. Қорытынды:

- Балалар, бүгін біз жіппен не жасадық?

Балалардан бұтақтағы шиенің бұтағының пішіні қандай болатынын, шиенің пішіні қандай болатынын сұрау.

- Балалардың жұмыстарын талдату, мадақтау.

Д/о: «Ол қайда өседі»

Конспект №5

Тақырыбы: Күн күлімдеп тұр.

Мақсаты: Балалардың жіппен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру.

Саусақ ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Дөңгелек пішіннен тұратын бейнені бархат қағазға жіп арқылы бейнелеуге үйрету. Ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу.

Әдіс – тәсілдері: көрсету, түсіндіру, сұрақ – жауап, әңгімелесу.

Көрнекіліктер: күннің суреті, жұмсақ ойыншық, түрлі түсті жіптер, бархат қағаздар.

Сөздік жұмыс: күн, жарқырайды

Көптілділік: күн – солнце-the sun, сәулесі – лучи, дөңгелек-круг.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы .

I. Ұйымдастырушылық кезеңі

Шаттық шеңбері:

Күн дидаглы арайлы

Нұрын төгіп қарайды

Барлық бала шаттанып

Қуанышпен тарайды.

Педагог балаларды терезенің алдына шақырып, күннің жарқырап тұрғанын сұрақ-жауап арқылы анықтайды .

Жұмбақ:

Жұрттың бәрі оны сүйеді,

бірақ қарағысы келмейді. (күн).

-Күн бізге жылуын шашып, жарығын сыйлайды.

-Күннің пішіні қандай?

-Түсі қандай болады?

II. Негізгі бөлім.

- Балалар, күннің астына жаздыгүні басымызға қалпақ , үстімізге ашық түсті киім киюіміз керек.

Күннің көзі қыста да жылуын шашып тұрады.

Күннің көзіне біз тіке қарай алмаймыз.

Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру:

- аспанның түсі көгілдір болғандықтан көгілдір бархат қағаздың үстіне, сары түсті жіппен дөңгелек жасаймыз.

Сол дөңгелек пішінге түрлі бағыттағы түзу сары түсті жіппен сызықтар жасау , бұл күннің сәулелері болады.

Педагог жұмыс барысында қиналған балалармен жеке жұмыс жасайды, оларға көмектеседі.

Сергіту сәті:

Біз кішкентай баламыз,
Өсіп-өніп толамыз.
Күнге қарай талпынып,
Көкке қолды созамыз.
Гүлдей жайнап өсеміз.

III. Қорытынды:

Дайын болған жұмыстарға талдау жасап, сәтті шыққан жұмыстар мадақталады.
«Әр қашан күн сөнбесін» әнін айту.

Конспект №6

Тақырыбы: Пішіндер.

Мақсаты: Балаларға таныс геометриялық фигуралар туралы білімдерін бекіту. Саусақ ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Геометриялық пішіндерді бархат қағазға жіп арқылы бейнелеуге үйрету. Ұқыптылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.

Әдіс – тәсілдері: көрсету, түсіндіру, сұрақ – жауап, әңгімелесу, ойын.

Көрнекіліктер: геометриялық пішіндер, қоянда, түрлі түсті жіптер, бархат қағаздар.

Сөздік жұмыс: пішіндер, үшбұрыш, шаршы, дөңгелек.

Көптілділік: пішіндер – фигуры-figures.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы .

I. Ұйымдастырушылық кезеңі

Арайлап таң атты,

Алтын сәуле таратты.

-Балалар, қане бәріміз тынышталып, тыңдайықшы,
бр жерде бр ызың естіледі.

- Балалар, қарандаршы бізге Карлсон ұшып келіпті,брақ ол көңілсіз сияқты.

-Сендер Карлсон туралы мультфильм көрдіңдер ма?

-Ол қайда тұрады?

- Балалар, ол әр жерге ұшып, қонып жүргенде, шалбарын жыртып алыпты, сол үшін көңілсіз екен.

- Бізге шалбарына жамау салып беруімізді өтініп тұр.

-Балалар, Карлсонға көмектесеміз бе?

II. Негізгі бөлім.

-Балалар, Карлсонның шалбарының жамауы қандай геометриялық пішіндерге ұқсайды?

- Ендеше бүгін біз бархат қағаздың бетіне жіптен пішіндердің суретін саламыз.

- Ең алдымен шаршы пішінді жамау салайық.

– Ол үшін қызыл түсті жіпті бархат қағаздың бетіне қойып, шаршы саламыз.

Педагог әр балаға бархат қағаз және түрлі түсті жіптер таратып береді.

Педагог жұмыс барысын түсіндіріп, балалармен жеке жұмыс жүргізеді.

(Осылайша педагог үшбұрыш және дөңгелек пішінді жамау жасауын балаларға түсіндіреді).

Сергіту сәті:

Бір дегенде тұрайық,

Екі, үш, төрт алақанды соғайық.

Оң жаққа бұрылып,

Сол жаққа бұрылып,

Бір отырып, бір тұрып,
Біз жүгіріп алайық.

III.Қорытынды:

-Жарайсыңдар, балалар!

-Карлсонның шалбары қандай керемет болып шықты. Ол бәріңе риза болып,
алғысын айтады.

Карлсон көңілденіп, енд сендермен «**Тығылмақ**» ойнағысы келіп тұр.

Конспект №7

Тақырыбы: Киіз үй.

Мақсаты: Киіз үй туралы түсініктерін қалыптастыру. Саусақ ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Төртбұрыш және жартылай дөңгелек пішіндерден тұратын бейнені бархат қағазға жіп арқылы бейнелеуге үйрету. Ұқыптылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.

Әдіс – тәсілдері: көрсету, түсіндіру, сұрақ – жауап, әңгімелесу, ойын.

Көрнекіліктер: киіз үйдің суреті, муляжы, түрлі түсті жіптер, бархат қағаздар.

Сөздік жұмыс: киіз үй.

Көптілділік: киіз үй – юрта-ушт, тіктөртбұрыш - прямоугольник, жартылай дөңгелек-полукруг.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы .

I. Ұйымдастырушылық кезеңі

Шаттық шеңбері

Көтеріліп шаңырақ,
Уықтары шаншылар.
Кергелер керіліп,
Өрімдей боп өрілер.
Бәріміз жүрсек айналып,
Киіз үй болып көрінер.

II. Негізгі бөлім.

Киіз үймен таныстыру (сурет)

Киіз үй – мал баққан көшпелі халықтардың қысы - жазы отыратын өте қолайлы және төзімді баспанасы. Ол тез құрылып, тез жиналады.

Қыста жылы, ал жазда салқын болады. Көлеміне және сыртқы кейіпіне қарай әртүрлі болады.

Киіз үйдің негізгі қаңқасын киіз үйдің сүйегі деп атайды. Олар: кереге, уық, шаңырақ, есік. Есікті сықырлауық деп те атайды. Сүйектері жіңішке қайыңнан немесе теректен жасалады.

Балаларға дайын үлгіні көрсету.

Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру:

Жасыл бархат қағаздың үстіне ақ жіппен тіктөртбұрыш пішін жасаймыз, бірақ біздің төртбұрыштың бұрыштары дөңгелене келеді. Бұл киіз үйдің қабырғасы, оны кереге деп айтады. Тіктөртбұрыштың үстіне жартылай дөңгелек жасаймыз, бұл киіз үйдің төбесі.

Қаласандар, балалар, ою-өрнек жасауға болады.

Сергіту сәті:

Кергені жазайық,
Шаңырақты құрайық.

Уық болып иіліп,
Киіз үйдей болайық.

III. Қорытынды:

-Балалар, бүгін жіппен не жасадық?

-Киіз үйдің бөліктерін атаңдаршы?

-Сендерге ұнады ма?

Балалардың жұмыстарын талдату, мадақтау.

Конспект №8

Тақырыбы: Кішкентай балапан.

Мақсаты: Үй құстары туралы түсініктерін кеңейту, үйректің балапанымен таныстыру, екі бөлшекті біріктіру.

Жіппен әртүрлі көлемнен екі дөңгелек бөліктен балапан бейнесін салуға дағдыландыру. Үй құстарына деген қамқорлық сезімдерін ояту.

Көрнекіліктер: балапан суреті, жасалған үлгі, сары, қызыл, қара түсті жіптер, бархат қағаздар.

Көптілділік: үйректің балапаны-утенок-duckling.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы .

I. Ұйымдастырушылық кезеңі

Магнит тақтаға үй құстарының суреттерін ілу.

Үй құстары туралы қысқаша әңгіме өткізу.

- Балалар, қандай үй құстарын білесіңдер?

Педагог балапан туралы

Б. Жақыптың өлеңін оқиды.

Жем бергенде жем жейді,

«Кел!»- дегенде келмейді.

Балапаным сары үрпек,

Әрі қорқақ, әрі үрпек.

- Балалар, мен не туралы тақпақ оқыдым?

II. Негізгі бөлім.

- Үйрек суда әдемі жүзеді. Ол балапандарын жүзуге үйретеді.

Үйректің мойны қысқа, аяқтары жарғақ, тұмсығы жалпақ болады.

– Бүгін біз сендермен көлшікке үйректің балапандарын сары жіптен жасап «жүздірейік»

Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру: ұзындығы әр түрлі сары жіп аламыз; ұзын жіптен сопақша пішін етіп балапанның денесін жасаймыз; қысқаша сары жіпті дөңгелетіп балапанның денесіне жалғаймыз; қысқа қызыл жіптен үшбұрыш пішін жасап, тұмсық жасаймыз; қара жіпті дөңгелетіп, балапанның көзін жасаймыз.

Сергіту сәті:

«Шөжелерім» әніне қимыл жасау.

III. Қорытынды:

- Балалар, бүгін біз не істедік?

Балалардың жұмыстарын талдату, мадақтау.

«Кішкентай балапандар биі» биін билеу

Конспект №9

Тақырыбы: Үлкен, кіші доптар.

Мақсаты: Доп туралы жалпы түсініктерін кеңейту.

Әр түрлі жіппен дөңгелек пішінді бархат қағазға бейнелеуге үйрету.

Ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу.

Әдіс – тәсілдері: көрсету, түсіндіру, сұрақ – жауап, әңгімелесу, ойын.

Көрнекіліктер: доптың суреті, ойыншық доп, түрлі түсті жіптер, бархат қағаздар.

Сөздік жұмыс: доп.

Көптілділік: доп – мяч-ball, дөңгелек-круг.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы .

I. Ұйымдастырушылық кезеңі

Шаттық шеңберіне тұрғызып, «Кім епті?» ойынын ұйымдастырады.

Ортада тұрып, балаларға допты кезек-кезек лақтыру.

Балаларға үлестірмелі материалдарды сурет бойынша қысқаша әңгіме айтып беру.

II. Негізгі бөлім.

Балаларға сұрақтар қою.

-Доптың пішіні қандай?

-Доптың түсі қандай?

-Доп жұмсақ па, қатты ма?

-Доп жеңіл ме, ауыр ма?

-Доп бізге не үшін керек?

-Топта доптың көп болғанын қалайсыңдар ма?

Ендеше, өзіміз доп жасап алайық.

Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру:

-Балалар, бархат қағаздың үстіне өздерің ұнатқан түсті жіпті алып, дөңгелек жасаймыз, бұл доп. Осылайша бір үлкен доп, бір кішкентай доп жасаймыз.

Педагог қиналған балаларға көмектеседі.

Сергіту сәті:

Добым менің, добым менің,

Добым неткен көңілді едің.

Зымырайсың, қутыңдайсың,

Менен қашып құтылмайсың.

III. Қорытынды:

Жұмбақ.

Ұрсаң қатты зырлайды,

Жерге қарғып тұрмайды.

Тиіп кетсе басына,

Ешбір зиян болмайды.

- Балалар, бүгін біз жіппен не жасадық?

- Балалардың жұмыстарын талдату, мадақтау.

«Кім мерген» ойынын ойнау.

Конспект №10

Тақырыбы: Қызыл, жасыл жапырақтар.

Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту.

Әр түрлі жіппен сопақша, жалпақ пішінді бархат қағазға бейнелеуге үйрету.

Шыдамдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Әдіс – тәсілдері: көрсету, түсіндіру, сұрақ – жауап, әңгімелесу, ойын.

Көрнекіліктер: шынайы жапырақтар, сурет, түрлі түсті жіптер, бархат қағаздар.

Сөздік жұмыс: жапырақтар, сарғаяды.

Көптілділік: жапырақтар-листья-leaves, желтый-сары-yellow, қызыл-красный-red.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы .

I. Ұйымдастырушылық кезеңі

Педагог балалардың назарын тақтадағы суретке аударады.

Күз де болды

Гүл де солды

Қайран бұтақ

Қалды жұтап

– Балалар, неге бұтақ жұтап қалды?

II. Негізгі бөлім.

Балалармен жапырақтар туралы әңгіме жүргізу.

-Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр, табасындарма?

Ағайынды бәріміз,

Шықса жасыл

Түссе сары боламыз.

Күзде ағаштағы жапырақтар не істейді?

– Балалар, қарандаршы, мен сендерге жапырақтар алып келдім.

- Жапырақтардың түстері қандай?

- Ал пішіндері қандай болады?

– Осы жапырақтардың ішінен өздеріңе ұнап қалған жапырақты тандап алыңдар.

– Бүгін біз сендермен жіппен жапырақтың бейнесін саламыз.

Көптілділік: Жапырақтар – листья, сары – желтый, қызыл-красный.

- Балалар қолымызға жаттығу жасап жіберейік.

Оң қолымда бес саусақ,

Сол қолымда бес саусақ.

Бес саусаққа бес саусақ,

Болады ғой он саусақ.

Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру:

- Ең алдымен жасайтын жапырақтың түсін тандап аламыз.

– Бархат қағаздың үстіне өздеріңе ұнаған жапырақтың бейнесін жіппен салып

көреміз. Педагог әр түрлі жіппен жалпақ, ұзынша, сопақша пішінді жапырақтарды бейнелеу әдіс-тәсілдерін көрсетеді.

Сергіту сәті:

Ал балалар, тұрайық,
Үлкен шеңбер құрайық.
Үлкен шеңбер құрған соң,
Алақанды ұрайық
Оң жақтағы балаға,
Сол жақтағы балаға,
Шапалақта шапалақ
Жоғары төмен қарайық,
Орнымызды табайық.

III. Қорытынды:

- Балалар сендер ненің бейнесін жасадыңдар?

-Күзгі жапырақтың түсі қандай болады екен?

- Ал пішіндері?

Балалардың еңбегін мақтау, мадақтау

«Кім шапшаң» ойыны. Ойынның шарты: екі балаға екі себет беріледі. Жерде жатқан жапырақтарды сол себетке жылдам жинау. Қай баланың жапырақтары көбірек болады, сол жеңімпаз болып есептеледі.

Конспект №11

Тақырыбы: Ыдыстағы балықтар.

Мақсаты: Балықтар туралы жалпы түсініктерін кеңейту; балықтың дене құрылысы туралы білімдерін кеңейту.

Әр түрлі жіппен сопақша, үшбұрыш пішінді бархат қағазға бейнелеуге үйрету. Іскерлікке, еңбек етуге тәрбиелеу.

Әдіс – тәсілдері: көрсету, түсіндіру, сұрақ – жауап, әңгімелесу, ойын.

Көрнекіліктер: балықтың суреті, аквариумның суреті, түрлі түсті жіптер, бархат қағаздар.

Сөздік жұмыс: балық, қабыршақ

Көптілділік: балық – рыба-а fish, су – вода.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы .

I. Ұйымдастырушылық кезеңі

Педагог балаларға теңіз дыбысын, ұнтаспадан қосып, мұқият тыңдауын ұсынады.

- Балалар, бұл ненің дыбысы қалай ойлайсыңдар?

– Суда нелер өмір сүреді?

II. Негізгі бөлім.

– Бүгін біз не жайлы айтатынымызды, жұмбақтың шешімінен білесіңдер:

Аяғы жоқ, жүре алмайды

Сусыз өмір сүре алмайды.

- Бұл не, балалар?

– Балалар, балықтар қай жерде тіршілік етеді?

Педагог балалардың назарына аквариумдағы балықтарды көрсетеді.

– Балықтар немен қапталған?

– Дұрыс, балалар, қабыршақ – балықтың денесін жауып тұратын бөлек-бөлек қабықша.

– Ал балықтар ненің ішінде жүзіп жүр?

Балаларға аквариум туралы айтып кету.

- Аквариум – су жануарлары мен өсімдіктерін өсіруге және зерттеуге арналған шыны ыдыс. Олардың пішіні мен құрылысы әр түрлі болады. Аквариумға арнайы құралмен ауа жіберіледі. Оның суы ауыстырып тұру керек.

Саусақ жаттығулары:

-Қолымыздың көмегімен балықтардың жүзгенін жасап көрейік.

Педагог балықтың суретін көрсетіп, дене құрылысына талдау жасайды.

Суреттен балықтың желбезегін, жүзбеқанатын, құйрығын, қабыршақтарын көрсетеді.

Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру:

- Балалар, ең алдымен балықтарға аквариум жасайық .

- Олар үшбұрышты, төртбұрышты, дөңгелек, сопақ пішінді болады.
- Бархат қағаздың үстіне өздеріңе ұнайтын әр түрлі жіппен аквариум жасаймыз, оның пішіні әр түрлі болуы мүмкін; сол пішіннің ішіне жіпті сопақша пішінге келтіреміз.
- Бұл балықтың денесі.
- Енді үшбұрыш пішіннен балықтың құйрығын жасаймыз.
- Қысқа қара түсті жіпті дөңгелетіп, балықтың көзін басына орналастырамыз. Педагог балықты жасау тәсілін көрсете отырып түсіндіреді. Балалармен жеке жұмыс жүргізеді.

Сергіту сәті:

Балықтар жүзді, сүңгіді,
Таза суды бүлдірді.
Бір көрінді, бір тығылды
Жоғарыға секірді.

III. Қорытынды: Балалар, бүгін біз жіппен не жасадық?

- Балықтың денесін не жауып тұрады?

Балалардың жұмыстарын талдату, мадақтау.

Дидактикалық ойын: «Не ұшады, не жүзеді?»

Конспект №12

Тақырыбы: Қар жауып тұр.

Мақсаты: Балалардың қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Қар, табиғат құбылыстары жайлы түсініктерін кеңейте отырып, талдауға, сипаттауға, әңгімелеуге жаттықтыру. Балаларды сопақша пішін жасауды және ирек сызықтарды салу дағдысын бекіту. Табиғатты сүйе білуге, аялауға, қорғай білуге тәрбиелеу.

Әдіс – тәсілдері: көрсету, түсіндіру, сұрақ – жауап, әңгімелесу, ойын.

Көрнекіліктер: Қыс бейнесі суреттері, мақта, түрлі түсті жіптер, бархат қағаздар.

Сөздік жұмыс: қар, омбы қар.

Көптілділік: қар – снег-snow, омбы қар - сугроб

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы .

I. Ұйымдастырушылық кезеңі

Педагог балаларды терезенің алдына шақырып, даладаға жауып тұрған қарды бақылауды ұсынады. Содан соң орындарына отырып, суреттерге көңіл бөлуді сұрайды. Суреттерде нені көргендерін, айнала қоршаған ортада жыл мезгіліне байланысты болып жатқан өзгерістер жайында әңгімелеседі.

II. Негізгі бөлім.

– Қар қандай болады?

-Қай мезгілде жауады?

Қысқы орман көріністерін көрсетеді.

Тыныс алу жаттығуы: балаларға қағаздан жасалған ұлпа қарды ұсыну.

Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру:

Педагог балаларға дайын үлгіні көрсетеді.

-Балалар, көгілдір бархат қағаздың жоғарғы жағына сопақша пішіндер жасаймыз.Бұл бұлттар, ал астынғы жағына жіпті ирек ирек салып, қар омбыларын жасаймыз. Енд мақтаны аз аздап жұлып, қағаздың үстіне жабыстырамыз. Бұл жауып келе жатқан қар.

Балалардың өз бетінше жұмысы: педагог қажет жағдайда қиналып отырған балаға көмектеседі

Сергіту сәті:

Қар жауыпты далаға,

Қар жауыпты қалаға.

Сырғанаймыз енді біз,

Отырып ап шанаға.

III. Қорытынды:

Жұмысты аяқтаған соң, көрме ұйымдастыру.

Сәтті шыққан жұмыстар мадакталады.

-Балалар, біз ненің суретін салдық?

- Қардың суретін немен салдық?

- Қыстың түсі қандай?

«Аққаланы құрастыр» ойыны

Конспект №13

Тақырыбы: Қысқы орман.

Мақсаты: Балаларға қыс мезгілінің ерекшелігін қысқы орманға саяхат арқылы жеткізе білу. Балалардың жіппен сурет салу дағдыларын жетілдіру. Қысқы табиғаттың әсемдіділігін тамашалап, шығармашылық жұмыстарды орындау дағдысын қалыптастыру.

Әдіс – тәсілдері: көрсету, түсіндіру, сұрақ – жауап, әңгімелесу, ойын.

Көрнекіліктер: қысқы орман суреті, бейнетаспа, түрлі түсті жіптер, бархат қағаздар.

Сөздік жұмыс: орман, ағаштар, бұлт, күн.

Көптілділік: орман – лес-forest, ағаштар - деревья

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы .

I. Ұйымдастырушылық кезеңі

Шаттық шеңбері:

Арайланып таң аты

Алтын сәуле тараты

Жарқырайды даламыз

Жарқырайды қаламыз

Қайырлы таң апайлар

Қайырлы күн достарым.

– Балалар, қазір жылдың қандай мезгілі?

II. Негізгі бөлім.

- Балалар, қыс туралы тақпақты есімізге түсірейікші:

Аппақ, аппақ қар аппақ

Айналаның бәрі аппақ

Қырау қырау аппақ

Қар жамылған дала аппақ.

– Балалар, сендер орманға саяхатқа барғыларың келеді ме?

Ендеше бәріміз паровозға мініп, әндетіп барайық.

– Міне, балалар, орманға да жеттік.

– Орманның ауасы қандай тамаша! Қане, бәріміз демалайықшы

Педагог бейнетаспадан қысқы орманды көрсетеді.

- Сендер не көріп тұрсыңдар?

Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру:

-Балалар,бүгін сендер өз бетінше қысқы орманды бейнелейсіңдер. Мазмұнды сурет болғандықтан педагог бархат қағаздың үстіне ағаштар, омбы қар, күн, бұлт, шыршалар, аңның іздерін жасауды ұсынады.

Балалардың өз бетінше жұмысы.

Педагог балалардың ұқыпты жұмыс жасауларын қадағалайды, қиналған

балаларға көмектеседі. Балалармен жеке жұмыс жүргізіледі.

Сергіту сәті:

Оң қолымды көтерем,
Оң қолымды түсірем,
Сол қолымды көтерем,
Сол қолымды түсірем.
Оңға қараймын,
Аяқты топ-топ басамын,
Солға қараймын.
Біраз сергіп аламын.

III. Қорытынды:

- Балалар, біз қай жаққа серуенге бардық?
 - Орманнан не көрдіңдер?
 - Сендерге серуен ұнады ма?
 - Міне, балалар, қысқы орманға саяхатымыз аяқталды.
- Педагог балаларды мақтайды және мадақтайды.

Конспект №14

Тақырыбы: Аққала.

Мақсаты: Балалардың қыс мезгілі және қысқы ойындар туралы түсініктерін кеңейту. Көлемі әр түрлі үш дөңгелектен аққала бейнесін салуға дағдыландыру. Көз мөлшерін дамыту.

Әдіс – тәсілдері: көрсету, түсіндіру, сұрақ – жауап, әңгімелесу, ойын.

Көрнекіліктер: аққаланың суреті, түрлі түсті жіптер, бархат қағаздар.

Сөздік жұмыс: аққала.

Көптілділік: аққала – снеговик-snowman, дөңгелек-круг.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы .

I. Ұйымдастырушылық кезеңі

Аяз қысып, өрнек сызып,

Терезені торлайды.

Қарға омбығып, бет домбығып,

Сырғанап жастар ойнайды.

Бөбектерім айтыңдаршы,

Бұл қай мезгілде болады?

Педагог балаларды терезеден даланы бақылауға шақырады.

II. Негізгі бөлім.

Балалардан қыс мезгілі туралы сұрақтар қойып, шағын әңгіме құрастыру.

– Қыста балалар қардан не жасайды?

- Балалар, бұл Аққала менің досым.(педагог аққаланың дайын үлгісін көрсетеді). Аққала – қардан соғылған домалақ қыс кейіпкері.

Ол үш бөліктен тұрады.

– Балалар, мұрнын, көзін неден жасайды?

– Сендерге ұнады ма?

– Сендер өздеріңе Аққаладан дос жасап алғыларың келе ме?

– Онда жұмысқа кірісейік.

Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру:

- Балалар, қардан Аққаланы қалай жасайтынымызды мұқият тыңдайық.

Көгілдір бархат қағазды аламыз. Бірінші - ақ түсті жіппен үлкен дөңгелек пішін жасаймыз, екінші - үлкен дөңгелектің үстіне орташа дөңгелек жасаймыз, үшінші – орташа дөңгелектің үстіне кішкене дөңгелек жасаймыз.

Қысқа қызыл түсті жіппен үшбұрыштан мұрын жасап, ал қара жіппен көздерін жасаймыз.

Өз беттерінше жұмыс. Қажет жағдайда жеке балаға көмек көрсету.

Сергіту сәті:

Аула сырты, бақта да

Тұрғызамыз аққала

Аққаланы айналып,
Ойнаймыз біз шаттанып.
Аққала, аққала
Сені жасап мақтана.
Қорғауменен жүреміз,
Бұздырмастан басқаға.

III. Қорытынды:

Балалар жұмысты аяқтаған соң педагог әр баланың жұмысына назар аударып, мақтайды, мадақтайды.

«Қар жинау» қозғалысты ойын.

Конспект №15

Тақырыбы: Шыршалар.

Мақсаты: Балаларды жіппен көлденең, түзу, қисық сызықтар салуға үйрету. Ұзындықтар туралы түсініктерін дамыту. Қоршаған ортаға мейірімділікпен қарауға үйрету.

Әдіс – тәсілдері: көрсету, түсіндіру, сұрақ – жауап, әңгімелесу, ойын.

Көрнекіліктер: шыршаның суреті, түрлі түсті жіптер, бархат қағаздар.

Сөздік жұмыс: шырша, Жаңа Жыл

Көптілділік: шырша – елка-tree.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы .

I. Ұйымдастырушылық кезеңі

Таңғы шеңбер:

Шуақ шаша алтын таңда,

Мөлдір таза ауада.

Табиғаттың бәрі оянады.

Қайырлы таң балалар!

Сәлем бердім саған елім!

Тал бесігім туған жерім.

Сәлем бердім бәріңізге!

- Балалар, біз жақын арада Жаңа Жыл мерекесін тойлаймыз. Педагог балаларға Жаңа Жыл мерекесі жайлы, мерекеге Аязата мен Ақшақар келетіндігі жайлы айтады.

II. Негізгі бөлім.

Жұмбақ:

Жасыл ине киімім,

Жайлаймын тау биігін.

Жаңа жылды тойласаң,

Төріңдемін үйіңнің. (Шырша)

- Балалар, Жаңа Жыл мерекесінде балалар шыршаны безендіріп, қасында өлең, тақпақ айтады.

– Сендер Жаңа Жылға арналған тақпақтарыңды жаттадыңдар ма?

Балалардан тақпақтарын сұрау.

– Балалар, бүгін біз мерекеге шырша жасаймыз.

Балалармен үлгі суретті қарастыру.

Ауада салып, көрсету.

- Шыршаның түсі қандай?

– Балалар, шырша мәңгі жасыл.

Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру:

2 баланы ортаға шығарып, шыршаны ауада салып көрсету.

– Балалар, шыршаның астыңғы бұтақтары ұзын, ал биіктеген сайын қысқара береді. Бұтақтары төмен қарай иіліп тұрады.

– Ендеше, көк бархат қағаздың үстіне жасыл жіпті алып, шыршаны саламыз. Алдымен қоңыр түсті жіпті алып діңін, төменгі жағы жуандау, жоғарғы бөлігі жіңішке болатындай жасаймыз, бұтақтарын жоғарыдан төмен қарай көлбеу сызықтармен саламыз. Шырша бұтақтарының тікендерін салғанда көлбеу сызықты үзбей салу керек.

Өз бетінше жұмыс: Балалар педагогпен бірге жұмыс жасайды. Педагог қиналып отырған балаларға көмектеседі.

Сергіту сәті:

Қайта-қайта қар жауады,

Қыс келгенінің белгісі.

Бойын түзеп, қар жамылды,

Биік, әсем шыршалар,

Қуанады, жайнайды.

III. Қорытынды:

- Балалар, бүгін біз не жасадық?

- Шыршаның түсі қандай?

- Балалар, келесіде осы шыршаларымызды безендіреміз!

Балалардың жұмыстарын талдату, мадақтау.

«Жаңа Жыл» әнін айту.

Конспект №16

Тақырыбы: Жаңа жылдық ойыншықтар.(ұжымдық жұмыс)

Мақсаты: Жаңа Жыл, шырша, шырша ойыншықтары туралы жалпы түсініктерін кеңейту. Түрлі түсті жіппен әр түрлі пішінді бархат қағазға бейнелеуге үйрету. Шығармашылық қабілеттерін дамытуға тәрбиелеу.

Әдіс – тәсілдері: көрсету, түсіндіру, сұрақ – жауап, әңгімелесу, ойын.

Көрнекіліктер: бархат қағаздан жасалған үлкен шырша, шырша ойыншықтары, түрлі түсті жіптер, суреттер.

Сөздік жұмыс: шырша, ойыншықтар.

Көптілділік: Ойыншықтар – игрушки- шырша – елка-tree.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі

Шыршаның суретін тақтаға ілу. Балаларға Жаңа Жыл мерекесіне арналған өлең жолдарын еске түсіруді ұсыну.

Жасыл шырша төрдегі,
Дейді «бәрің көр мені!».
Неткен әсем құлпырып,
Ойыншықтар тұр тұнып.

«Ұқсас ойыншықты тап» ойынын ұйымдастыру.

– Балалар, біз қандай мерекеге дайындалып жатырмыз?

- Шырша әдемі болу үшін нелер қажет?

II. Негізгі бөлім.

- Ендеше бүгін біз сендермен шыршаға ойыншықтар жасап, ілеміз.

– Міне, біздің әсем шыршамыз! Педагог бархат қағаздан жасалған үлкен шыршаны көрсетеді.

- Ал ойыншықтарын әр қайсымыз істеп, осы шыршаға ілеміз.

Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру.

Педагог әр түрлі тәсілмен шырша ойыншықтарын жасауға болатынын көрсетеді. (геометриялық пішіндерден жасауға болатынын айтып кетеді)

Өз беттерінше жұмыс: қажет жағдайда қиналып отырған балаға көмектесу.

Сергіту сәті:

Төрбұрышты қолданып,
Үшбұрышты қолданып,
Ойыншықтар біз жасаймыз.
Әдемісін ішінен,
Ақшақарға сыйлаймыз.

III. Қорытынды: -Балалар, бүгін біз не жасадық?

Балалардың жұмыстарын талдату, мадақтау.

«Қояндар биі» биін билейді.

«Жаңа Жыл» әні айту

Тақырыбы: Мен тұратын үй

Мақсаты: балаларды жіппен дұрыс жұмыс істеуге; оратылған жіптен тіктөртбұрыш пен шаршыны дұрыс жасауға, шаршыны екі үшбұрышқа бөлуді, дұрыс орналастыра білуге меңгерту.

Әдіс-тәсілдері: үлгіні талдау, көрсету, түсіндіру, ән айту, ойын ойнау, жаңылтпаш

Көрнекіліктер: дайын жұмыстың үлгісі, жіптің әртүрлі өлшемдері, түрлі-түсті бархат қағаз.

Сөздік жұмыс: үй-дом-house, төбе, қабырға

Билингвальдік компоненті: үй-дом- house, ауыл-село, қала-город.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі:

Өтті қызық көп күндер,
Алты жасқа жеткендер.
Өсті ақыл ойларың
Өсті, міне, бойларың.
Иіліп сәлем береміз,
Әдепті боп өсеміз.

Өлеңді бәрі қосылып айтады.

II. Негізгі бөлім:

Балаларға жапсыру жұмысы үшін үстел үстін қалай дайындау керектігін көрсетіп, түсіндіру. Түрлі-түсті бархат қағаз, қайшы, орнында қалай тұру керектігін көрсетіп беру. Үстел үстін, киімді бүлдірмеу таза және ұқыпты жұмыс істеу туралы әңгімелеу.

Сұрақ-жауап әдісі арқылы кіріспе әңгімені өткізеді:

Үйдің суретін іліп қояды.

Балалар мынау не? (төбесі – үшбұрыш, қабырғасы – шаршы, есігі – тік төртбұрыш, терезесі - шаршы)

Ал, ендеше балалар, біз бүгін үй детальдарымен танысып, пішіндердің көмегімен оны жасап шығарамыз.

Сөздік жұмыс: үй, төбе, қабырға

Билингвальдік компоненті: үй-дом, ауыл-село, қала-город, әсем-красивый, биік үй-высокий дом



Төмендегі жаңылтпашты жатқа жаңылмай айтады.

Үйде ойыншық үлегім,
Үлегіме үремін.
Үремін де үнемі
Үйіме мен кіремін.

Жұмыс жасау жолын түсіндіру.

-Алдымен біз бархат қағазға үйдің қабырғасын жасаймыз, ол төртбұрышты (қызыл, жасыл жіппен т.б) істеуге болады. Содан кейін төбесін жасаймыз ол төртбұрышты немесе көп бұрышты болу мүмкін. Терезе жасаймыз. Кейін есік істейміз.

Сергіту сәті.

Өз беттерінше жұмыс

Дид/ойын: «Қай бөлмеде қандай зат тұрады?» ойынының шарты:
бөлмелерді атап, онда тұратын заттарды атау.

III. Қорытынды

Аяқталған жұмыстар тексеріледі, орындалу барысы талданады, болашақта кемшіліктерді болдырмау үшін, қате орындалған жерлерін дұрыс орындауға бағыт беріледі.

Мақтау-мадақтау

Конспект №18

Тақырыбы: Түнгі қала.

Мақсаты: Түнгі қала туралы түсініктерін тиянақтау. Туған өлкеге деген мақтаныш сезімін ояту.

Әдіс-тәсілдері: үлгіні талдау, көрсету, түсіндіру, ән айту, ойын ойнау

Көрнекіліктер: дайын үлгі, түрлі-түсті бархат қағаз және жіп

Сөздік жұмыс: қала, тау, әсем

Билингвальдік компоненті: қала-город-city, әсем-красивый, биік үй-высокий дом, тау-горы.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі:

-Кәне жақын келіңдер.

Бәріміз бірігіп И.Нүсіпбаев ағамыздың «Дос болайық» әнін шырқайық.

Айналайын гүлдерім,
Ақ шуақты күндерім,
Ерекше қызық тілдерің,
Естен кетпес үндерің.
Сендердікі болашақ
Өмір балғын болашақ
Озат боып оқыңдар,
Ойға білім тоқыңдар.

Жарайсыңдар, достығымыз берік болсын!

II. Негізгі бөлім:

Суреттермен жұмыс

Тақтаға түнгі қаланың әсем көрінісі
бейнеленген суреттерді іліп,
балалардың назарын аударып,
Астана туралы не білетіндері
жөнінде әңгімелейді.

Тақтаға ілінген суреттерге
балалардың зейінін аударып, бүгін
көрікті қала Астана туралы түсінік
береді.

- Мынау қай қаланың суреті?
- Кім Астанаға барды?
- Астана қаласының қандай көрікті жерлерінде болдыңдар?
- Мынау қандай үйлер? Неше қабат екен? Санандыршы.
- Астанада ең биік не? – Бәйтерек
- Тағы қандай ғимараттар білесіндер?

Биік, көп қабатты, бас қала, таза,
көрікті сөздерді жеке-жеке
қайталанып айтқызу.

Сөздік жұмыс: қала, тау, әсем

Билингвальдік компоненті: қала-город, әсем-красивый, биік үй-высокий дом, тау-горы.

Сергіту сәті:

Болашаққа бастаған,
Шарықтайды асқақ ән.
Елордасы Отанның,
Мақтанышым Астана.

Өленді оқып, түсіндіру, жаттап алу.

Дайын үлгімен жұмыс.

Түнгі қала көрінісінің жасалу ретіне назар аударту, орындалу барысын түсіндіру, көрсету.

-Қара немесе көк бархат қағазды аламыз. Көп қабатты үй жасаймыз, астына есік істейміз, үйдің үстіне айды сары жіппен жасаймыз.

Өз беттерінше жұмыс

Д/о: «Қай қала?», «Не бар екен көрейік, атын айтып берейік» деп суреттермен саяхат ойынын ойнату. Қайда барғандары, көргендері сұрау.

Қатар отырған екі баланы бір-бірімен сөйлестіру.

- Ұлан, қай қалада тұрасың? (Мен Астана қаласында тұрамын.)
- Елдос сен қай қалада тұрасың? (Мен Қостанайда тұрамын. Менің үлкен ағам Алматыда тұрады.)
- Балалар сендер үлкейгенде, қаланың тазалығын сақтау үшін не істер едіңдер.

(Ағаштар отырғызу. Демалыс орындарын көбейту. Бау-бақшаларды күту).

- Туған қаламыздың жасыл бағын, мөлдір бұлағын көшелерін көздің қарашығындай сақтап, әрқашан оларға қамқоршы болуымыз керек. Сонда ғана қаламыз гүлденіп, табиғатымыз сұлу қалпында жайқалып тұрады.

Қаламызды көркейтуге өз үлестерінді қосындар.

III. Қорытынды

-Балалар бүгін сабақта не туралы айтылды?

-Ұнаған, сәті болды ма?

-Өз қала үшін, не істер едін?

Тақырыбы: Ай мен жұлдыздар

Мақсаты: Ғарыш әлемі туралы түсініктерін толықтыру.

Ай мен жұлдыз туралы білімдерін кеңейту. Ай мен жұлдыздар бейнесін жасауды үйрету; композиция құрастыруға дағдыландыру.

Әдіс-тәсілдері: көрсету, түсіндіру, жұмбақ жасыру, сұрақ-жауап, ойын ойнау

Көрнекіліктер: Ай мен жұлдыздардың суреттері, бархат қағаз, жіп.

Сөздік жұмыс: ғарыш

Билингвальдық компоненті: ай-луна-moon, жұлдыз-звезда-star, ғарыш-планета

I. Ұйымдастырушылық кезеңі:

Жұмбақ жасыру.

1. Ымырт түсе шығамын,

Таң атқанда батамын,

Көк теңізге шашылып,

Көзімді ілмей жатамын. (Ай)

2. Күндіз бәрі қашады,

Түнде аспанды басады. (Жұлдыз)

-Дұрыс. Сонымен біз бүгін Ай мен жұлдыз туралы әңгіме қозғаймыз.

II. Негізгі бөлім:

Суреттермен жұмыс.

Ай мен жұлдыздардың суреттерін көрсетіп, балалардың білімдерін тереңдету мақсатында аспан әлеміндегі планеталар жайында түсінік беру.

-Ай дегеніміз не?

-Айда өмір сүруге бола ма? Неге?

-Кім қалай ойлайды?

Айда тіршілік етуге болмайды, онда ауа да, су да жоқ. Ай бетінде тау көп.

-Айдың бетін не жапқан?

-Кім біледі, неліктен Ай түнде жарқырайды?

-Білесіңдер ме, балалар, Ай –үлкен тас сияқты шар, ол жерден төрт есе кіші, алты есе жеңіл.

Сөздік жұмыс: ғарыш

Билингвальдық компоненті: ай-луна, жұлдыз-звезда, ғарыш-планета

Орындалу ретін көрсету.

Айды, жұлдыздарды жасалу жолдарын үлгі ретінде көрсетіп, түсіндіру.

-Бархат қағаз аламыз. Соған ай мен жұлдыздарды жасаймыз. Алдымен айды жасаймыз. Ақ жіпті алып, айды суреттеп жабыстырамыз. Кейін жұлдыздарды жасаймыз. Сары жіпті алып жұлдыздың суретін салып жабыстырамыз.

Өз беттерінше жұмыс.

Жұмыстың орындалу үлгісіне сүйене отырып, жапсыру жұмыстарын орындауға кіріседі. Жапсыру жұмысына қиналған балалар болса көмектесіп, бағыт беру.

III. Қорытынды

Ойын: «Ғарышқа саяхат»

Балалардың жұмыстарына талдау жасау.

Конспект №20

Тақырыбы: Ақ қоян

Мақсаты: қоян туралы түсініктерін нақтылау; қоянның дене бөліктерін атай білуге үйрету; қоянның дене бөліктерін қағаз бетіне дұрыс орналастыра білуге; жануарларға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: жұмбақ жасыру, ойын ойнау, сұрақ-жауап, көрсету, түсіндіру.

Көрнекіліктер: ойыншық қоян, дайын жұмыстың үлгісі, бархат қағаз, ақ жіп

Сөздік жұмыс: ұзын құлақ

Билингвальді компонент: қоян-заяц-page, ұзын-длинный

I. Ұйымдастырушылық кезеңі:

Жұмбақ жасыру

Қалқиып ұзын құлағы,

Елеңдеп қорқып тұрады. Ол не? (Қоян)

II. Негізгі бөлім:

Қоянның суретін, ойыншық қоянды көрсету.

-Қоян қайда мекендейді?

-Қоян қандай түсте болады?

-Балалар, қоян қыста ақ түсте, жазда сұр түсте болады.

-Балалар, қоян неге түсін өзгертеді?

-Қыс мезгілінде оның түсі ақ болса, ол жауларынан қаша алады.

-Қоян қандай аң?

-Оның құлақтары қандай?

-Қоян не жегенді ұнатады?

Сөздік жұмыс: ұзын құлақ

Билингвальді компонент: қоян-заяц, ұзын-длинный

Балалар, бүгін біз қоянды жіппен бархат қағазға саламыз.

Ойыншық қоянды көрсетіп, дене құрылысын анықтау. Денесін, басын, аяқтарын әртүрлі көлемде жасауға болады. Ақ жіптен көжектің жасалу жолын ретімен көрсете отырып, жасау тәсілін түсіндіру.

-Бархат қағазға қоянды суреттейміз. Денесін сопақша етіп аламыз, кейін басын дөңгелетіп жасаймыз. Екі ұзын сопақша құлағын жасаймыз. Төрт шұжық аяқтарын істейміз. Кішкентай дөңгелек құйрығын жасаймыз. Одан кейін дөңгелек көздерін, кейін мұрның жасаймыз.

Сергіту сәті:

Ұзын құлақ сұр қоян,

Естіп қалды сыбдырды,

Ойлы қырлы жерлермен

Ытқып ытқып жүгірді.

Қарап еді артына,

Қиығын сап көзінің,

Келе жатқан томпаңдап

Көжегі екен өзінің.

Өз беттерінше жұмыс.

Балалар үлгіге қарай отырып, ақ қоянды жасауға кіріседі. Балалардың жасап жатқан жұмыстарын бақылап, қиналған балаларға көмектесіп, бағыт-бағдар беру.

III. Қорытынды

Қимылды ойын: «Қасқыр мен қояндар»

Талдау, бағалау.

Мақтау-мадақтау.

Конспект №21

Тақырыбы: Бұлттар

Мақсаты: Балаларға бұлттар және оның қасиеті туралы жалпы түсінік беру. Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: үлгіні талдау, көрсету, түсіндіру, ән айту, ойын ойнау, жұмбақ жасыру

Көрнекіліктер: дайын жұмыстың үлгісі, жіптің әртүрлі өлшемдері, түрлі-түсті бархат қағаз.

Сөздік жұмыс: сұр бұлт қаптайды

Билингвальдық компоненті: бұлт-туча-cloud

I. Ұйымдастырушылық кезеңі:

Жұмбақ жасыру:

Көзі жасты- жылауық,

Келе жатыр бір алып. -/Бұлт/

II. Негізгі бөлім:

Балалармен бұлт жөнінде әңгімелесу.

-Сонымен, бұлт дегеніміз не?

Бұлт –судың жылу әсерінен аспанға көтеріліп, буға айналған түрі. Кейін жаңбыр жауар қара бұлтқа айналады.

-Білдесіңдер ме, балалар, егер бұлттарға зер салып қарасаңдар, ауа райын болжауға болады.

Болжамдар.

- Аспанда ұшпа бұлт пайда болса, бірнеше күн қар немесе жаңбыр сіркірейді.
- Бұлттар төмен көшсе, ауа райы жылы болады.
- Аспанда сетінеуік, іргесі сөгілген бұлт пайда болса, ауа райы бұзылады.

Сөздік жұмыс: сұр бұлт қаптайды

Билингвальдық компоненті: бұлт-тучи

Ойын: «Күн мен түн»

Балаларға жұмыс жасау жолын түсіндіру:

-Бархат қағаздың үстіне бұлттың суретін салып, ақ жіпті суреттің үстіне жабыстырамыз. Бұлттың ішін сәйкес түсті ұсақ көк жіппен толықтырып, бетін тегістеп шығамыз.

Сергіту сәті

Жел соқты гу-гу,

Жаңбыр жауды тырс-тырс.

Жаңбыр басталды,

Күн ашылды.

Өз беттерінше жұмыс.

Дид/ойын: «Саңырауқұлақ»

Шарты: балалардың ішінен біреуі «саңырауқұлақ» болып сайланады.

Қалғандары «балапандар» болады. «Саңырауқұлақтар» қолшатырды ашып, отырады. «Жаңбыр жауды» деген белгісімен орнынан жайлап тұрады.

«Балапандар» «саңырауқұлақтың» астына жиналады.

III. Қорытынды

Көрме ұйымдастыру.

Талдау, бағалау

Дұрыс әрі тиянақты орындалған жұмыстарды атап көрсету.

Ән айту: Жау-жау, жаңбыр.

Мақтау-мадақтау.

Конспект №22

Тақырыбы: Менің сүйікті ойыншығым

Мақсаты: Балалардың ойыншық туралы түсініктерін кеңейту. Ойыншықтарды күтіп, ұқыпты, таза ойнауға үйрету.

Әдіс тәсілдер: Сұрақ -жауап, түсіндіру, көрсету, жұмбақ жасыру, ойын ойнау

Көрнекіліктер: Ойыншық суреттері, ойыншықтар

Сөздік жұмыс: Ойыншық

Билингвальдік компоненті: Ойыншықтар-игрушки-toys, сүйікті-любимые.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі:

Біздерде бар қуыршақ.

Бұзау, қозы, құлыншақ.

Ойыншықтар таңдайды.

Емес олар ұрыншақ.

II. Негізгі бөлім:

Ал кәнекей, балалар, әңгімелесеміз бе?

-Ендеше бүгінгі сабағымызды жұмбақтан бастайық.

Жұмбақ жасыру.

- Іші жел, өзі жеңіл.
Жүгіреді деміл-деміл.
- Аяғы бар жүрмейді,
Ауызы бар сөйлемейді.

-Бұл жұмбақтар не туралы?

Әрине, ойыншықтар туралы.

Сюрприздік сәт: Балалар бүгін бізге қонаққа ойыншықтар келді.

Балалар айтыңдаршы кімге қандай ойыншық ұнайды?

-Асыл сенің сүйікті ойыншығын бар ма?

-Алия сенше қандай ойыншықпен ойнайсың?

-Ойыншықтар неден жасалған?

Дид/ойын: «Жалғасын тап».

Ойын шарты: Бастаушы бала сөйлемді бастап береді, балалар аяқтайды.

Менің ойыншығым ...

Мен қуыршақпен ...

Допты жоғары ...

Сергіту сәті:

Қаңқ,қаңқ қаздарым.

Тізені сәл бүгіндер.

Қолды артқа ұстандар.

Қәне қазға ұқсандар.

Балалар, тобымызға өз қолымызбен ойыншықтар жасап көрсек қайтеді?

Ол үшін бізге бархат қағаз, түрлі-түсті жіп қажет.

Сөздік жұмыс: Ойыншық

Билингвальдік компоненті: Ойыншықтар-игрушки, сүйікті-любимые

Жапсыру жолдарын балаларға көрсетіп түсіндіру.

-Бархат қағазды аламыз, онда өзіміздің сүйікті ойыншығымызды суреттейміз. Масылы, жұмсақ аю. Бірінші аюдың суретін суреттейміз, кейін қоныр түсті жіпті алып жабыстырамыз. Сосын қара жіпті алып көздерін және мұрнын жасаймыз.

Өз беттерінше жұмыс

III. Қорытынды

Балалар бүгінгі сабақта не істедік?

-Ойнап болғаннан кейін не істейміз?

Ән айту: «Ойыншықтар»

Мақтап – мадақтау.

Конспект №23

Тақырыбы: Құмырадағы гүл

Мақсаты: Балаларға гүлдер туралы мағлұмат беру. Саусақ моторикасын дамыту. Эстетикалық сезімін қалыптастыру, әдемілікке, әдептілікке тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: үлгіні талдау, көрсету, түсіндіру, жұмбақ жасыру, ойын ойнау

Көрнекіліктер: гүлдің суреті, бір шоқ тірі гүл, бархат қағаз, түрлі жіп.

Сөздік жұмыс: гүл шоғы

Билингвальдық компоненті: гүл-цветы-flowers, шоқ-букет

I. Ұйымдастырушылық кезеңі:

«Тілек шоғы»

Балалар өздеріне ұнаған гүлдерді таңдап алындар.

Қолындағы гүлді есімін атап, жылы сөз айтып ұсынады.

«Кімде-кім жақсылық жасап, жылы ниет білдіріп, тілек тілесе, ол өзіне қайта

«Тілек шоғы» болып жақсылықпен оралады.

II. Негізгі бөлім:

Жұмбақ.

Өзі сондай нәзік,

Су құйсаң кетеді

Алақанын жазып.

Гүл туралы өлең оқу.

Гүл туралы әңгіме жүргізу.

-Қандай гүлдерді білесіңдер?

-Сенің сүйікті гүлің бар ма?

-Ол гүлдің аты қандай?

-Гүлдер қандай болады?

-Гүлдерді кімдерге сыйлаймыз?

Сөздік жұмыс: гүл шоғы

Билингвальдық компоненті: гүл-цветы, шоқ-букет

Сергіту сәті.

Шаршағанда ырғалып,

Гүлге ұқсап демалам.

Қанатымды бір қағып,

Гүлдей болып жайқалам.

Картинадағы әсем гүлдер мен гүл шоғына балалардың назарын аудару.

Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру:

-Алдымен бархат қағаз аламыз. Соған құмыра жасап ол төртбұрышты немесе сопақша болу мүмкін өз қалауы бойынша. Әр түрлі жіптермен жабыстырамыз.

Құмыраның үстіне бақ-бақ түйменің т.б. жасауға болады. Бақ-бақ гүлін жасайтын болсақ сары жіпті аламыз екіге бүктейміз жәнеде кесеміз пучок-

пучок жабыстырамыз. Түймедақ жасайтын болсақ ортасына кішкентай

дөңгелек сары түспен істеп, жан-жағынан ақпен немесе қызғылтпен

түймедақты жапырақтарын жасаймыз.

Жұмыс жасауға кіріседі.

Балалардың жұмысын қадағалап бақылау. Көмек керек балаларға кеңес беріп, көмектесу.

Дид/ойын: «Гүлдер»

Ойын шарты: Тақтаға гүлдердің суреті ілінеді. Балалар көздерін жұмады, көздерін ашқанда гүлдердің біреуі жоқболады. Қай гүлдің жоқ екенін табу.

III. Қорытынды

Ойын: «Өз гүлінді тап».

Шағын көрме ұйымдастыру

(балалардан кімнің суреті әдемі, таза салынғаны жайында сұрау).

Мақтау-мадақтау.

Конспект №24

Тақырыбы: Шөптер

Мақсаты: Табиғат туралы балалардың түсінігін кеңейту.

Саусақ моторикасын дамыту. Қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

Әдіс-тәсілдер: үлгіні талдау, көрсету, түсіндіру, жұмбақ жасыру, ойын ойнау

Көрнекіліктер: шөптің суреті, бархат қағаз, жасыл түсті жіп.

Сөздік жұмыс: шөп

Билингвальдық компоненті: шөп-трава-grass, жасыл шөп-зеленая трава

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:

I. Ұйымдастырушылық кезеңі:

Жұмбақ жасыру:

Тауда өсер, таста өсер,

Көктем менен жаз өсер

Қыста өшер (шөп)

II. Негізгі бөлім:

Суретпен жұмыс

Балалар, мына суретке қараңдаршы:

-Көрікті көктем келді, күн шуағын төкті, күн жылына бастады, табиғат оянды.

Жылы жаққа ұшып кеткен құстар қайтып оралған. Бұл мезгіл қандай тамаша!

Ағаштар бүршік жарады, жасыл шөп шығады.

Көктемде қандай өзгерістер болады?

Балалар табиғат 2 ге бөлінеді, өлі табиғат және тірі табиғат болып.

Өлі табиғатқа жаны жоқ заттарды жатқызамыз немесе құмды, тасты.

Ал тірі табиғатқа ағаш, құс, адамдарды, жәндіктерді жатқызамыз.

-Балалар шөпті қандай табиғатқа жатқызамыз?

Шөп тірі табиғатқа жатады, ол бізге таза ауа береді, және әдемі болып тұрады.

Сөздік жұмыс: ойын алаңы

Билингвальдық компоненті: ойын алаңы-детская площадка

Сергіту сәті:

Қанат жаям жалма-жан,

Талпынғандай ұшуға.

Иіліп келіп қол созам

Аяғымның ұшына.

Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру:

-ақ түсті бархат қағаз

-шөпті жасыл түсті жіптен

- бархат қағазға қолды үзбей (шөп) жасаймыз

Жұмыс жасауға кіріседі.

Балалардың жұмысын қадағалап бақылау. Көмек керек балаларға кеңес беріп, көмектесу.

III. Қорытынды

Сұрақ-жауап алу Бағалау.

Тақырыбы: Бүршік жарған ағаш

Мақсаты: Балаларға көктемгі баққа саяхатқа барғанда табиғаттан алған әсерлерін, көрген көріністерін суретте көрсете білу дағдыларын қалыптастыру; жұмыс үстінде өзін дұрыс ұстай білуге, тиянақтылық, тазалық сақтауға дағдыландыру

Әдіс-тәсілдер: үлгіні талдау, көрсету, түсіндіру, жұмбақ жасыру, ойын ойнау

Көрнекіліктер: көктемгі бақ бейнеленген сурет, түрлі түсті жіп, бархат қағаз

Сөздік жұмыс: бүршік

Билингвальдық компоненті: ағаш-дерево-tree, бүршік-почка

I. Ұйымдастырушылық кезеңі:

Қайырлы таң, көгім менің!

Қайырлы таң, күнім менің!

Қайырлы таң, бақшам менің!

Қайырлы таң, досым менің! Балаларға әр түрлі суреттер көрсету арқылы сұрақтар қою.

Бұл не, ол қандай болады?

II. Негізгі бөлім:

Жұмбақ

Өсіп тұрған бұл не?

Жаз болса жайнап,

Саясында ән салып,

Құстар жүрген сайрап.

Суреттермен жұмыс

Балаларға жыл мезгілдері туралы өлең шумақтарын оқып, олардан өлең не жайында айтылғанын, мағынасын сұрау.

Көктемгі бақтың суретін көрсетіп, көктемгі табиғаттың әдемілігі туралы әңгіме жүргізіледі. Балалардан ағаштың пішініне сипаттама беруді сұрау. Ағаштардың діңі жуан болады, бұтақтары жоғары қарай өседі.

Балалар көктем мезгілінде

ағаштар көктеп бүршік атады. Жапырақтары жасыл түсте болады.

Қағаз бетіне әртүрлі ағаштарды-емен, үйеңкі, аққайыңды, т.б. салып көрсету.

Құрылысындағы айырмашылықты түсіндіру (діңі жуан не жіңішке болуы, өсу бағытының, бұтақтарының пішінінің әртүрлілігі).

Сөздік жұмыс: бүршік

Билингвальдық компоненті: ағаш-дерево

Сергіту сәті.

Ал,балалар,тұрайық,

Бойымызды жазайық.

Ағаштарша тербеліп,

Кәне,сергіп алайық,

Қолымызды созайық

Орнымызды табайық.

Жұмысты орындау тәсілдерін түсіндіру.

-Бархат қағазға ағашты суреттейміз. Бірінші қоныр түспен ағашты суреттейміз кейін жіпті жабыстырамыз. Сосын ақ түспен бұршақты жасап, жабыстырамыз. Әр бала өз жұмыс құралдарын алып, суретті салуға отырады. Жұмыс барысында балалардың қағаз бетіндегі кеңістікті бағдарлай білуін қадағалау. Қиналып отырған балаларға оңай әдіс-тәсілмен салу жолын көрсету.

Өз беттерінше жұмыс

III. Қорытынды

Ойын: «Өз гүлінді тап».

Барлық балалардың жұмыстарын бағалап, талдау жасау. Балалардың жіберілген кемшіліктерге тоқталу.

Мақтау-мадақтау.

Тақырыбы: Кемпірқосақ

Мақсаты: балаларды кемпірқосақтың жеті түсін ажырата білу; кемпірқосақтың түстерінің орналасу ретімен таныстыру; жіппен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;

композиция құра білуге үйрету.

Әдіс-тәсілдер: үлгіні талдау, көрсету, түсіндіру

Көрнекіліктер: Кемпірқосақтың суреті, бархат қағаз, жіп.

Сөздік жұмыс: кемпірқосақ

Билингвальдық компоненті: кемпірқосақ-радуга-rainbow

Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы:

I. Ұйымдастырушылық кезеңі:

-Сәлеметсіздер ме, балалар!

-Амансың ба, алтын күн?

-Амансың ба, алтын аспан?

-Амансың ба, достарым,

Сендерді көрсем қуанам!

II. Негізгі бөлім:

Жұмбақ:

Ақ сандық ашылды,

Ішінен жібек шашылды. -Кемпірқосақ

Суретпен жұмыс

Балаларға кемпірқосақтың суретін көрсету.

-Балалар, кемпірқосақты көргендерін бар ма?

-Қашан көрдіңдер?

-Кемпірқосақ қалай пайда болады?

Кемпірқосақтың түстері: қызыл, қызыл сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін.

Сөздік жұмыс: кемпірқосақ

Билингвальдық компоненті: кемпірқосақ-радуга

-Бүгін біз бәріміз кемпірқосақты ақ бархат қағазға жасап көреміз.

- Алдымен кемпірқосақтың суреті бархат қағаз бетіне тігінен немесе көлденеңінен орналасатындығын анықтап алады.

-Балалар парақты көлденеңінен пайдаланса, көріністі толық сыйдыра алатындықтарын байқайды.

Сергіту сәті

Жасалу жолдарын түсіндіру.

-Алдымен жеті түсті дайындап аламыз.

-Содан соң кемпірқосақ түстерін қағаз бетіне доға түрінде салып шығамыз.

-Әр түрлі түсті жіппен кемпірқосақ жасаймыз. Бархат қағаз үстіне әр түрлі түсті жіпті алып, бір-бірден жабыстырамыз.

Өз беттерінше жұмыс.

III. Қорытынды

Ойын: «Өз түсінді тап»

Көрме ұйымдастыр

Конспект №27

Тақырыбы:Бауырсақ.

Мақсаты: Ертегідегі кейіпкерлерге тән сипаттарды бере білуге баулу, бейнелеу дағдыларын нығайту, бейнелік елестету, қиялдауды дамыту.

Әдіс-тәсілдері: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, ертегіні сахналау.

Қөрнекілік: Суреттер, жіп, бархат қағаз

Сөздік жұмыс: бауырсақ

Билингвальдық компонент: бауырсақ- колобок-bun, ертегі- сказка

I. Ұйымдастырушылық кезеңі:

Арайлап таң атты,

Алтын сауле таратты.

Жарқырайды қаламыз,

Жайнай түсті даламыз.

Балалар шеңберге тұрып, бір-біріне гүл сыйлап, тілектер айтады.

II. Негізгі бөлім:

Қонаққа бүгін бізге " Бауырсақ" келеді.

Суретін және бейнесін көрсету.

Ертегіні еске түсіру.

-Балалар, Бауырсақ кімдерден қашып кетеді?

-Орманда қандай аңдармен кездеседі?

-Түлкі неге бауырсақты жеп қояды?

-Ол дұрыс жасады ма?

Сөздік жұмыс: бауырсақ

Билингвальдық компонент: ертегі- сказка, бауырсақ- колобок.

Сергіту сәті:

Аюдың үйі үлкен,

Қоянның үйі кішкентай.

Аю маң-маң басады,

Қоян секіріп қашады.

-Балалар, Бауырсақ өзіне көп дос тапқысы келеді екен, оған дос тауып берейік.

Оның достарын бархат қағазға жіптен жасап көрейік.

Балаларға жұмыс жасау жолын түсіндіру, көрсету.

-Бархат қағазға дөңгелек дөңгелек сары жіппен жасаймыз. Бауырсақтың ішіне қара жіппен көз істейміз, көздің ішіне көк қарашағын жасаймыз. Ауызды қызыл жіппен істейміз.

«Бауырсақ» балалардың жұмысын қарап, мақтайды.

Жақсы салған балалардың жұмысын мадақтап айту.

Өз беттерінше жұмыс.

Балалардың жасап жатқан жұмыстарын бақылап, қиналған балаларға көмектесіп, бағыт-бағдар беру.

III. Қорытынды

Бүгін қонаққа не келді?

Ол қай ертегінің кейіпкері

Конспект №28

Тақырыбы: Судағы қайық

Мақсаты: балаларға бархат қағазға жіптен қайық жасауды үйрету; ұқыпты болуға дағдыландыру; саусақ икемділіктері мен зейіндерін дамыту.

Әдіс-тәсілдері: үлгіні талдау, көрсету, түсіндіру, жұмбақ жасыру, ойын ойнау

Көрнекіліктер: дайын үлгі, түрлі-түсті бархат қағаз және жіп

Сөздік жұмыс: қайық, толқын

Билингвальдық компоненті: қайық-лодка-a boat, көлік-транспорт.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі:

Қайық туралы жұмбақ:

Жерде жүрер жөні жоқ,

Судан басқа жолы жоқ.

II. Негізгі бөлім:

Суреттермен жұмыс

Суреттер көрсету арқылы қайық құрылысымен таныстыру.

Сұрақ-жауап алу.

-Қайықтар қайда тұрады?

-Олардың адамдарға қандай пайдасы бар?

Қайықты көлік ретінде пайдаланамыз, оның пайдасы көп.

-Қайықтың пішіні қандай геометриялық пішіндерден тұрады?

Дайын үлгімен жұмыс.

-Бархат қағаз. Бірінші қағазға көк жіпті алып, көл жасаймыз. Кейін қайықты суреттейміз. Бірінші қайықтың астын жасаймыз оны ақ түсті жіппен немесе қоныр түспен жасауға болады. Сосын есуді (весло) қоңыр түсті жіппен жасаймыз. Кейін барлығын жабыстырамыз.

Сөздік жұмыс: қайық

Билингвальдық компоненті: қайық-лодка, көлік-транспорт

Сергіту сәті (Саусақты жаттықтыру)

Теңіз толқиды-бір,

Теңіз толқиды-екі,

Теңіз толқиды-үш,

Толқиды теңіз, толқиды

Теңіз тынышталды.

Түрлі бейнелер жасалады.

Өз беттерінше жұмыс

Тіл ұстарту.

Үз-үз-үз

Суда еркін жүз.

Өз беттерінше жұмыс

Қиналып отырған балаларға көмек көрсету.

III. Қорытынды

Ойын: «Теңіз толқыны»

Орындалған, аяқталған жұмыстарды бағалап, талдау жасауға балалармен бірге жүргізіледі.

Мақтау-мадақтау

Конспект №29

Тақырыбы: Кішкентай мысық

Мақсаты: балаларға мысық туралы мағлұмат беру. Тілдерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Үй жануарларына деген сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: үлгіні талдау, көрсету, түсіндіру, жұмбақ жасыру, ойын ойнау

Көрнекіліктер: мысықтың суреті, ойыншық мысық, дайын жұмыстың үлгісі, жіптің әртүрлі өлшемдері, бархат қағаз.

Сөздік жұмыс: мысық

Билингвальдық компоненті: Мысық-кошка-cat, марғау-котенок, ыдыс-посуда.

I. Ұйымдастырушылық кезеңі:

Балаларға оқу іс-әрекетіне байланысты жұмбақтың шешуін табуды ұсыну.

Жұмбақ жасыру:

Өзі жап-жас, мұрты бар,

Ет пен сүтке ұмтылар.

Тастамайды жылы үйде

Түкті тонын шұп-шұбар (мысық)

-Өте жақсы балалар, жауаптарын дұрыс.

II. Негізгі бөлім:

Билингвальдық компоненті: Мысық-кошка, марғау-котенок.

-Балалар мысық қайда мекендейді?

-Өте жақсы, балалар, сондықтан мысықты үй жануары деп атаймыз.

Суретпен жұмыс.

-Мысық қалай дыбыстайды?

-Марғау ненің баласы?

-Мысық не жейді, не ішеді?

-Мысыққа немен тамақ береміз?

-Ал, балалар, мысыққа қарайықшы, құлағы, аяғы, құйрығы, көзі нешеу?

-Мысыққа құйрық не үшін керек?

Мысық биіктен секіргенде аяғы мен құйрығын жерге қарата жайып жібереді.

Қалықтап бара жатып, құйрығын руль ретінде пайдаланады. Мысықты «тоғыз жанды» деп халық бекер атамаған, ол өте биік жерден құласа да, тіпті арқасымен лақтырсаң да, шыр айналып жерге баяу түседі.

Тағы да, балалар, байқаған боларсыңдар, мысықтың көңіл-күйі жақсы болғанда пырылдап, адамға сүйкенеді. Ал айбат шеккенде, құйрығын бұлғақтатады.

-Мысыққа мұрт не үшін қажет?

-Дұрыс. Мысыққа мұрт өте қажет, әсіресе түнде тышқан аулағанда керек.

Мысық табанындағы өткір тырнақтарына қарамастан, қалай білдірмей жүре алады?

-Кім мысық туралы тақпақ біледі?

Тақпақ жаттау

Пеш үстінде мысық отыр,

Екі көзін қысып,

Тышқан етін жегісі кеп,

Тісі оның қышып отыр

-Балалар сендер мысықты жақсы көресіңдер ме?

-Олай болса, мысыққа кішкентай дос мысық жасап берейікші. Алдымен бойымызды сергітіп алайық.

Сергіту сәті.

Тікірейіп құлағы

Менен бұрын тұрады.

Бойын жазып керіліп

Беті-қолын жуады.

Балаларға дайын үлгіні көрсетіп, таныстыру.

Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру:

Бархат қағазға өз қалау бойынша жіп аламыз мысықтың денесін жасаймыз.

Сопақша болып келеді. Содан кейін дөңгелек басын жасаймыз. Бастың ішіне кішкентай дөңгелек көздерін істейміз ішіне қоңыр немесе көк қаракшықтықтары жіппен істейміз. Бастың үстіне үшбұрышты құлақ істейміз және де мысықтың мұрының қызыл немесе қызғылт кішкентай дөңгелек істейміз.

Көмек керек болған балаларға көмектесу.

Балалардың өз беттерінше жұмысы

III. Қорытынды

Ойын: «Мейірімді сөзбен ата»

-Жанға жайлы тиетін, мейірімді сөздерді тауып айтқандарың қандай керемет. Маған өте ұнады.

Мақтау-мадақтау.

Қимылды ойын: «Мысық пен тышқан»

Тақырыбы: Жаңбыр жауып тұр

Мақсаты: балаларға табиғаттағы көңіл күйді түстер арқылы сезе білуге үйрету; «суық түстерді» пайдалана отырып, күзгі жаңбырды бейнелей алу; аралас техникада жұмыс істей алу дағдыларын жетілдіру; ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.

Әдіс-тәсілдер: үлгіні талдау, көрсету, түсіндіру, ойын, жұмбақ

Көрнекіліктер: жаңбырлы күз бейнеленген картиналар мен фотосуреттер, бархат қағаз, түрлі түсті жіптер

Сөздік жұмыс: жаңбыр, кемпірқосақ

Билингвальдық компоненті: жаңбыр-дождь-rain, кемпірқосақ-радуга

I. Ұйымдастырушылық кезеңі:

Үнтаспадан күннің күркірегені естіліп, тәрбиеші қолшатыр алып, балаларға қолшатырға жасырынуды ұсыну.

Біз көңілді балдырған,

Сескенбейміз жаңбырдан.

Қолшатырды ашамыз,

Жаңбырдан біз қашамыз!

Ойын: «Бұл қай кезде болады?»ъ

II. Негізгі бөлім:

Жұмбақ жасыру.

Тырс-тырс тамады,

Тереземді қағады.

-Жаңбыр деп нені айтамыз?

-Жаңбыр қандай болады?

-Себелеп жауып тұрған жаңбырды қалай атайды?

-Нөсер жауын деген не?

Себелеп жауған жаңбырдың нөсерлеп жауған жаңбырдың айырмасы қандай?

-Балалар, денемізге жаңбыр жауғанда қандай күйде боламыз?

-Денеміз нені сезеді?

Олай болса жаңбыр туралы өлең оқып берейін.

Дөңгеленіп төбеден,

Сәулесін күн төгеді.

Жақын, жаздың не деген

Жасыл түсі көп еді.

Жаңбырдан кейін аспаннан не көрініп тұрады?

Кемпірқосақ орысша қалай аталады.

Жасыл -

Кемпірқосақтың түстері қандай болады?

Сергіту сәтті

Жаңбыр, жаңбыр жауасың

Жанымызға дауасың.

Біз ойнайтын ауланың

Тазартасын ауасың.

Сөздік жұмыс: жаңбыр, кемпірқосақ

Билингвальдық компоненті: жаңбыр-дождь, кемпірқосақ-радуга

Күз мезгілінің бір ерекшелігі жаңбырдың көп жауатыны жөнінде әңгімелеу.

Күзгі жаңбырдың бейнелейтін картиналар мен фотосуреттерді көрсете отырып, күзгі жаңбырға сипаттама беріп, басқа мезгілдердегі жаңбырдан ерекшелігін айтуды сұрау.

Балалардың пікірін қорытындылау.

-Жаңбырды бейнелеу үшін қандай түстерді пайдаланамыз?

Аспандағы бұлттарды қара сұр түспен, жауып жатқан жаңбыр тамшыларын сұр түспен, суды қою көк түспен жапсырамыз.

Алдымен өзім суретті орындап, үлгі ретінде көрсетіп, балаларға жұмыс жасауға бағыт беремін.

Жұмыстың жасалу ретін көрсету, түсіндіру.

-Бархан қағазға жіпті жабыстырамыз. Кішкентай бөліктерге бөлеміз. Жіппен бұлтты жасап, бұлтты қара жіппен ара-арасынан жабыстырамыз.

Сергіту сәті

Жаңбыр жауды себелеп, Жасырынды көбелек.

Аспан кетті күркіреп,

Бұл недеген керемет.

Қане балар тұрмайық,

Алақанды соғайық.

Бір отырып бір тұрып,

Әсем әнге салайық.

Өз беттерінше жұмыс.

Балалардың жұмыстарын қарап, көмек қажет балаларға бағыт беріп отыру.

III. Қорытынды

Ән айту: «Жаңбыр»

Мақтау-мадақтау.

Конспект №33

Тақырыбы: Қызыл, жасыл көбелек.

Мақсаты: Көбелектің бейнесін бархат қағазға салу (басы дөңгелек, денесі сопақша екі қанаты бар.) Жанды табиғат мүшелеріне қамқор болуға тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: жұмбақ жасыру, көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, ән айту

Қорнекілік: Суреттер, жіп, бархат қағаз

Сөздік жұмыс: көбелек

Билингвальдық компоненті: көбелек-бабочка-butterfly, басы дөңгелек-голова круглая, денесі сопақша-телo овальное

I. Ұйымдастырушылық кезеңі:

Жұмбақ жасыру

Үстіндегі көйлегі,

Түрлі түсті не керек?

Қызықтырар көргенді,

Мұның аты ... /көбелек/

II. Негізгі бөлім:

Ән тыңдау. «Бұл қай кезде болады?» Жаз. Б. Ерзакович

-Әнде қай жыл мезгілі айтылады?

-Көбелектер жылдың қай мезгілінде болады?

-Көбелек туралы не білесіңдер?

-Қалай ойлайсыңдар: көбелектер көре ме?

-Көбелек қалай тамақтанады?

Көбелек өте ишкіл келеді. Хош исті гүлдің иісін үлкен арақашықтықтан сезіп қояды. Көбелектің ұзын, жіңішке тұмсығы болады, сол тұмсығымен гүлдің тәтті шырынын, жеміс –жидектерді тұмсығымен тесіп, шырынын сорып алады.

Ән айту. «Көбелек». М. Әубәкіров.

Қызыл қанат көбелек,

Жасыл қанат көбелек,

Гүлден, гүлге қонасың,

Ұстатпайсың, не керек?

Ақ қанатты көбелек,

Көк қанатты көбелек,

Қызыл қанат көбелек,

Бақшамызға келе кет.

Сөздік жұмыс: көбелек

Билингвальдық компоненті: көбелек-бабочка, басы дөңгелек-голова круглая, денесі сопақша-телo овальное

-Балалар, бүгін біз көбелегімізбен танысамыз.

-Дала жәндігінің бірі. көбелек көгалда, далада тіршілік етеді.

Балаларға дөңгелек, сопақша пішіндерді атап кету. Назарларын тақтаға аударып, көбелегіміздің суретін салу жолдарын көрсету. Жіп және бархат қағазбен жұмыс жасау ережелерін естеріне түсіру.

Балаларға жұмыс жасау жолын түсіндіру, көрсету.

-Бархат қағазды алып көбелектерді суреттейміз. Қызыл жіппен бірінші көбелекті жасаймыз, алдымен көбелекті суреттеп алып сонан соң ішіне жіптерді жабыстырамыз. Кейін жасыл көбелек оны да дәл солай жасаймыз.

Сергіту сәті:

Ал балалар тұрайық,
Алақанды ұрайық.
Жоғары төмен қарайық.
Оңды, солды бақылап,
Бір отырып, бір тұрып,
Тынығып біз алайық.

Өз беттерінше жұмыс.

Балалардың жасап жатқан жұмыстарын бақылап, қиналған балаларға көмектесіп, бағыт-бағдар беру.

Балаларға таза, ұқыпты салуды ескерту.

III. Қорытынды

Бүгін не туралы айттық?

Ненің суретін салдық?

Немен орындадық?

Конспект №34

Тақырыбы: Қошақан

Мақсаты: Үй жануарлары қошақан туралы білімдерін толықтыру; қошақанның дене бөліктерін атай білуге және жасай білуге үйрету; қол моторикасын дамыту.

Үй жануарларына қамқор болуға, оларды күте білуге баулу қорғауға тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдері: әңгімелеу, көрсету, түсіндіру, жұмбақ жасыру, ойын ойнау

Көрнекіліктер: үй жануарларының суреттері, ұнтаспа, мультимедиялық тақта

Сөздік жұмыс: қошақан

Билингвальдық компоненті: қошақан-ягненок-lamb, үй жануарлары-домашние животные

I. Ұйымдастырушылық кезеңі:

Көк қозы қошақан

Ақ құйрық момақан

Біз сені суардық

Тойғызып қуандық

Сен бізді сүзбеші

Сен бізге тимеші.

Бізбен бірге ойнай ғой,

Ал бізді аулай ғой.

II. Негізгі бөлім:

Біздің бүгінгі тақырыбымыз қошақан. Яғни, оларды жіппен жасауға үйренеміз.

Мультимедиялық тақта

(суреттермен жұмыс)

-Мына суреттерде нелер бейнеленген?

-Неге оларды үй жануарлары дейміз?

-Олардың пайдасы қандай?

-Бұл үй жануарларына қандай қамқорлық жасар едіңдер?

Жұмбақ шешу.

Кішкене ғана бойы бар,

Айналдырып киген тоны бар

Сөздік жұмыс: қошақан

Билингвальдық компоненті: үй жануарлары-домашние животные, қошақан-ягненок

-Қошақан қандай екен кім сипаттап айтып береді?

-Ендеше, бәріміз қошақанды ақ бархат қағазға жасап көреміз.

Жасалу жолын түсіндіру.

-Қағаздың үстіне қошақанның суретін суреттеп ақ жіпті жабыстырамыз.

-Денесі-сопақша

-Басы-дөңгелек, сәл жіпті созып, тұмсығын шығару.

-Басына 2 құлақ (сопақша)

- 4 аяқ жасау (шұжық тәрізді)

-Құйрық-қысқа шіптен түзу сызық

Өз беттерінше жұмыс

Сергіту сәтін өткізу.

Тіктеп титтей құлағын, ботам былай жүреді.

Сыртылдатып тұяғын, бұзау оған ереді.

Алға созып мойнын, ойнақтайды ботақан,

Көкке қарай мұрынын шүйіреді бұзауқан.

Дид/ойын: «Үй жануарлары»

Мақсаты: балаларды үй жануарлары мен төлдерін ажыратуға, олардың қимылын көрсетіп, қалай дыбыстайтынын дыбыстауға үйрету.

Шарты: балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі. Әр бала сурет бойынша үй жануары туралы білетінін немесе өз ойын, пікірін баяндайды.

Дид/ойын: «Қайсы қалай дыбыстайды?»

Ойын шарты: үй жануарларының суреттерін көрсету. Балалар олардың атауын тауып, қалай дыбыстайтынын айтуы тиіс.

III. Қорытынды

Қорытындылау.

Сұрақтар қою

Ән айту: «Қошақан»

Тақырыбы: Домбыра

Мақсаты: Түрлі аспаптарда ойналған шығармаларды тыңдау арқылы, оны қабылдау, есте сақтау, ажырата білуге үйрету. Ұлттық музыкаға, өнерге деген сүйіспеншілік, қызығушылық қалыптастыру.

Әдіс-тәсілдер: жұмбақ жасыру, әңгімелеу, көрсету, түсіндіру, ән айту, ойын ойнау

Көрнекіліктер: қазақтың ұлттық шертпесаз аспаптары: домбыра, қобыз; түрлі домбыралар суреті, бархат қағаз, түрлі түсті жіп.

Сөздік жұмыс: домбыра, аспап

Билингвальдық компоненті: музыкалық аспап-музыкальный инструмент

I. Ұйымдастырушылық кезеңі:

Жұмбақ жасыру:

Екі құлағы,
Он екі тұяқты,
Шешуін тапшы,
Күмбірлеген күй
Төгілген сияқты.

II. Негізгі бөлім:

Домбыраны көрсетіп әңгімелеу.-Домбыра – қазақ халқының арасында өте ерте заманнан бері кең тараған, ғасырлар сырын сақтаған, қос ішекті шертіп ойнайтын музыкалық аспап. Домбыра әртүрлі үлгіде тұтас ағаштан ойылып құрап жасалады.

Сөздік жұмыс: аспап, домбыра

Билингвальдық компоненті: музыкалық аспап-музыкальный инструмент

Ән айту. «Домбыра.

Жұмыстың жасалу ретін көрсету, түсіндіру.

-Бархат қағазды аламыз. Домбыраның суретін жіптермен суреттейміз.

Алдымен қызғылт сары түсті жіпті аламызда домбыраның суретін бейнелеп, ішіне сол түсті жабыстырамыз. Содан кейін қара жіпті алып кішкентай тесігін жасаймыз. Кейін екі ішегін жасап жалғастырамыз.

Сергіту сәті:

Қолыма алдым домбыра,
Құлағын оның бір бұра,
Шертіп, шертіп ойнайық,
Әсем әнге салайық..

Балалардың өз беттерінше жұмысы.

Көмек керек болған балаларға көмектесу.

III. Қорытынды

Ойын: «Бұл қай музыкалық аспап?»

-Сонымен, бүгін біз қандай музыкалық аспабымен таныстық?

-Халқымыздың ол аспабы қалай аталады?

-Әнде не туралы айтылды?

Мақтау-мадақтау.

Конспект №36

Тақырыбы: Біз ойнайтын алаң

Мақсаты: Ойын алаңы туралы балалардың түсінігін кеңейту. Саусақ моторикасын дамыту. Достыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: үлгіні талдау, көрсету, түсіндіру, жұмбақ жасыру, ойын ойнау

Көрнекіліктер: гүлдің суреті, бір шоқ тірі гүл, бархат қағаз, түрлі жіп.

Сөздік жұмыс: ойын алаңы

Билингвальдық компоненті: ойын алаңы-детская площадка-playground

I. Ұйымдастырушылық кезеңі:

Барлығы бірге айтады:

Жайқалып жапырақ,

Құлпырып қызғалдақ,

Тұратын көз тартып,

Жаз келді күншуақ.

II. Негізгі бөлім:

Суреттермен жұмыс

Төрт жыл мезгіліне байланысты суреттер

Жыл мезгілдерінің бір-бірінен қандай айырмашылығы бар?

-Кімге қаймыл мезгілі ұнайды?

-Жазда балалар қайда шомылады?

Сөздік жұмыс: ойын алаңы

Билингвальдық компоненті: ойын алаңы-детская площадка

Дид/ойын: «Жылдың қай мезгілі екенін тап»

Ойын шарты: Бірнеше сурет берілген, сол суреттер ішінен жылдың қай мезгілі екенін тауып, әңгіме құрастыру керек.

Сергіту сәті:

Орнымыздан тұрамыз,

Қолды белге қоямыз,

Бұрыламыз оңға бір,

Бұрыламыз солға бір,

Біз бақытты баламыз,

Гүл гүл жайнап жанамыз,

Жаттығулар жасасақ,

Жақсы сергіп қаламыз.

Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру:

-Бархат қағазға балалардың ойнайтын аланын суреттейміз. Бірінші жасыл жіпті алып жасыл шөптер жасаймыз, кейін тербелуді (качеля) жасаймыз оны өзіне ұнайтын түспен жасауға болады. Кейін төбешікті (горка) жасаймыз она не жасыл түспен не өз қалауынша түс алуға болды. **Жұмыс жасауға кіріседі.** Балалардың жұмысын қадағалап бақылау. Көмек керек балаларға кеңес беріп, көмектесу.

III. Қорытынды

Ойын: «Мені қуып жет».

Шағын көрме ұйымдастыру (балалардан кімнің суреті әдемі, таза салынғаны жайында сұрау). Мақтау-мадақтау.

Пайдалынған әдебиеттер:

1. Муфтибекова З. Тілашар –Алматы. Алматыкітап -2015 -93 б
2. Бәтібаева С.Ғ. Табиғат-адамзаттың өмір нәрі-Алматы. -2007 -27 б
3. Жүсіпова Д.З. Омарғалиева Т.Ж Тіл дамытудың ғажайып әлемі – Алматы. Аруна-2017 -34 б
4. «Мектепалды даярлық» журналы –Алматы. №6 2018
5. Ақбай Н.Е. Кел, балалар, ойнайық! –Алматы. Аруна-2018
6. Қалжанова Ж. Жеміс бағында-Алматы. Аруна-2018